

А.Б. Нурмухамбетова<sup>1\*</sup>, Ж.А. Акимешева<sup>1</sup>, Р.Т. Кожобекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Шымкент университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

\*e-mail: aiga\_base@mail.ru

## ЖАЛПЫТҮРКІЛІК ФРАЗЕМАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Мақалада соматизмдер ұйытқы болған фраземаларға салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау жасалынған. Фраземаларды түркітану шеңберінде қарастыру тілдік бірліктердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізеді. Сондықтан да, фраземаларды салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қарастыру – қазіргі ғылымның өзекті мәселелерінің бірі. Зерттеу барысында лексикографиялық дереккөздерден тілдік бірліктер жинақталды және жүйеге келтірілді. Мақалада бас, құлақ, көз соматизмдері ұйытқы болған көне түркілік фраземалардың грамматикалық, семантикалық ерекшеліктері сипатталған, сондай-ақ, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы қарастырылды, соған қатысты зерттеушілердің өзіндік пікірі берілген. Зерттеу барысында фразема құрамындағы лексемалардың семантикасына ерекше назар аударылды.

Қазіргі әр түркі халқының этногенезінде түрлі тайпалардың қатысы болғандығы тілдік бірліктерді қарастыру барысында байқалады. Сондықтан да фраземаларды диахронды тұрғыдан зерттегенде туыс тілдер тобын ғана қарастырмай, түркі тайпаларының орналасу аймағын (ареалдық тұрғыдан) ескерген жөн. Мақалада XV ғасырға дейінгі жазба ескерткіштерде кездесетін фраземалар үшін жалпытүркілік фраземалар деген атау қолданылады. Фраземаларды талдау барысында жалпытүркілік фраземалардың қазіргі түркі тілдерінде қолданылатындығы анықталды, олардың грамматикалық, семантикалық ерекшеліктері ұлттық тілдердің дамуына қарай қалыптасқан. Жалпытүркілік фраземаларды құрылымдық-семантикалық талдау нәтижесінде кейбір көне фраземалардың қолданыстан шыққандығы анықталды. Фраземалар – ұлттық тілдердің даму барысында әртүрлі ішкі, сыртқы факторлардың әсерінен туындаған, мәдени кодты сипаттайтын айрықша тілдік бірліктер.

**Түйін сөздер:** жалпытүркілік фраземалар, түркі тілдері, соматизм, мағына, тілдік бірліктер.

A.B. Nurmukhambetova<sup>1\*</sup>, Zh.A. Akimisheva<sup>1</sup>, R.T. Kozhabekova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Shymkent university, Kazakhstan, Shymkent

\*e-mail: aiga\_base@mail.ru

### The appearance of common turkic phrasemes in modern turkic languages

In the article, a comparative-historical analysis of phrasemes with a somatic component is carried out. Consideration of phrasemes within the framework of Turkic studies helps to identify similarities and features of linguistic units. Therefore, consideration of phrasemes using a comparative-historical method is one of the most urgent issues of modern science. In the course of the research, the collection and systematization of linguistic units from lexicographic sources was carried out. In the article, grammatical and semantic features of the ancient Turkic phrasemes, which are motivated by somatism of the head, ears, eyes are described, also their usage in modern Turkic languages were considered, and the researchers' own opinion was given in this regard. During the study, the semantics of the lexemes in the phraseme were considered.

The involvement of various tribes in the ethnogenesis of each modern Turkic people can be seen in the process of considering linguistic units. Therefore, when studying phrasemes from a diachronic point of view, it is important to consider not only the group of related languages but also the location area of Turkic tribes (from the areal point of view). In the article, the name common Turkic phrasemes is used to denote the phrasemes found in written monuments before the XV century. During the study of phrasemes, it was found that common Turkic phrasemes are still in use in modern Turkic languages, their grammatical and semantic features were formed according to the development of national languages. As a result of the structural and semantic analysis of common Turkic phrasemes, it was found that some ancient phrasemes have fallen out of use. Phrasemes are special linguistic units describing the cultural code, caused by various internal and external factors during the development of national languages.

**Key words:** common Turkic phrasemes, Turkic languages, somatism, meaning, linguistic units.

А.Б. Нурмухамбетова<sup>1\*</sup>, Ж.А. Акимешева<sup>1</sup>, Р.Т. Кожобекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Шымкентский университет, Казахстан, г. Шымкент

\*e-mail: aiga\_base@mail.ru

### Отражение общетюркских фразем в современных тюркских языках

В данной статье осуществлен сравнительно-исторический анализ фразем с соматическим компонентом. Рассмотрение фразем в рамках тюркологии способствует выявлению, как сходств, так и различий языковых единиц. Поэтому рассмотрение фразем с помощью сравнительно-исторического метода – одна из актуальных проблем современной науки. В процессе исследования осуществлен сбор и систематизация языковых единиц из лексикографических источников. В статье описаны грамматические, семантические особенности древнетюркских фразем с соматическими компонентами голова, ухо, глаз, а также использование их в современных тюркских языках, в отношении которых даны собственные мнения исследователей. В ходе исследования особое внимание уделено семантике лексем в составе фраземы.

При рассмотрении языковых единиц наблюдается, что в этногенезе каждого современного тюркского народа прослеживается причастность различных племен. Поэтому при изучении фразем с диахронной точки зрения не стоит рассматривать только родственные языковые группы, важно учитывать зону расположения тюркских племен (с ареальной точки зрения). В статье для обозначения фразем, встречающихся в письменных памятниках до XV века, используется название общетюркские фраземы. В ходе анализа фразем выявлено, что в современных тюркских языках используются общетюркские фраземы, грамматические, семантические особенности которых сформировались по мере формирования национальных языков. В результате структурно-семантического анализа общетюркских фразем, установлено, что некоторые древние фраземы вышли из употребления. Таким образом, фраземы – это особые языковые единицы, характеризующие культурный код и обусловленные влиянием различных внутренних, внешних факторов в процессе развития национальных языков.

**Ключевые слова:** общетюркские фраземы, тюркские языки, соматизм, значение, языковые единицы.

### Кіріспе

Тіл бірліктерінің ішіндегі айрықша эмоция, қуатты әсерге ие бірліктердің бірі фразеологизмдер болып табылады. Фразеология – тіл білімінің ерекше саласы. Фразеологизмдер ұлттың даму тарихынан сыр шертеді. Фразеологизмдерде халықтың әлеуметтік, саяси, мәдени, географиялық, этнографиялық сипаты жөнінде ақпарат сақталады. Фразеологизмдерді тарихи тұрғыдан зерттеп, қазіргі түркі тілдерінде даму, қолданылу ерекшеліктерін қарастыру өзекті болып табылады. Диахронды тұрғыдан зерттеу барысында түркі халықтарына ортақ түркі жазба ескерткіштерінің тілдік материалдарын салыстыра отырып зерттеу өзекті мәселелердің бірі екені мәлім. Адамзат дүниені тани бастағаннан бері, өзін өзі тану, өзіне баға беру, сол арқылы ойлану секілді қабілеттерін дамытқаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда адам өз дене мүшелерін танып білу, оны ұқсас заттармен салыстыру, ой түйу, одан қорытынды шығару арқылы тілдік бірліктер, соның ішінде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бейнелі сөздер фраземалар да, тілде көп қалыптасып, тарих қойнауынан бізге дейін жеткені белгілі. Шамамен алғанда,

XV ғасырда қазіргі ұлттық түркі тілдерінің қалыптасуы басталған болатын, сондықтан да осы кезеңге дейінгі ескерткіштерде кездесетін фраземаларды жалпытүркілік фраземалар деп атауды жөн көрдік. Өйткені, жазба ескерткіштер тілін зерттеу барысында бір ескерткіштің өзінде қазіргі оғыз тобының, қыпшақ тобының, қарлұқ т.б. топтың да тілдік бірліктері кездесіп жатады. Сол себепті, біз зерттеу жұмысымызда соматизмдер ұйытқы болған фразеологизмдерді диахронды тұрғыдан және қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісін қарастыруды мақсат етіп қойдық. Дене мүше атаулары ұйытқы болған фраземалар фразеологиялық қордың едәуір бөлігін құрайды. Соматизмдер тілдің көне қабатының бірліктері болып табылады. Зерттеу барысында жалпытүркілік фраземалардың әлі күнге дейін қазіргі түркі тілдерінде қолданылатындығын, олардың семантикалық, грамматикалық жағынан толыққанның, өзгергенін байқаймыз. Сондай-ақ ертеде қолданылған кейбір фраземалардың қолданыстан шыққандығы анықталды. Фраземаларды салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-семантикалық модельдеу әдістері арқылы зерттеу олардың тарихи даму жолын, семантикалық, құрылымдық ерекшеліктерінің дамуын, қалып-

тасуын, түркілік тілдік сананың және дүниетанымның өзіндік ерекшеліктерін, қазіргі түркі тілдерімен тарихи сабақтастықты анықтауға көмектеседі. Жалпытүркілік фраземаларды зерттеу фраземалардың жалпытүркілік қорын анықтауда, оның қазіргі түркі тілдерінде қаншалықты сақталғандығын анықтау үшін өте маңызды әрі өзекті болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Фраземаларды зерттеу барысында жүйелеу және жинақтау, салыстыру, талдау, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-семантикалық модельдеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс туыс тілдердің тілдік бірліктерін салыстыра отырып, тарихи деректерді ескере отырып, туыс тілдерге тән ортақтықтар мен айырмашылықтарды зерттеуге бағытталған әдіс болып табылады. Ол арқылы түбі бір түркі тілдеріне ортақ тілдік бірліктердің даму, қалыптасу жолын саралауға болады.

Зерттеу барысында құрылымдық-семантикалық модельдеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс жалпытүркілік фраземалардың қазіргі түркі тілдерінде сақталуы, қолданылуы, құрылымдық-семантикалық ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау үшін тиімді болып табылады. Тілдік бірліктер құрылымының фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері, ортақ мағынаның сақталу не сақталмауы, қосымша мағыналардың пайда болуы – зерттеудің өзектілігін арттыра түсетін тілдік үдерістер.

### Әдебиеттерге шолу

Түркітануда фразеологизмдердің жігі зерттелуі өткен ғасырдың орта тұсынан басталған болатын. Фразеологиялық зерттеулермен қатар, түркі тілдері бойынша фразеологиялық сөздіктер жарық көрді. Қос тілде, кейінірек үш тілде фразеологиялық сөздіктер құрастырылып шығарыла бастады. Қазақ тіл білімінде С.К. Кеңесбаев, Ә.Т. Қайдар, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, Ө. Айтбайұлы, өзбек тіл білімінде Ш. Рахматуллаев, И. Кучкортоев, А. Исаев, башқұрт тіл білімінде З.Г. Ураксин, Х.Ғ. Йосопов, Ж.Ғ. Кейекбаев, С.Н. Муратов, эзербайжан тіл білімінде Г.А. Байрамов, М.Т. Тагиев, Н.Ч. Валиева, татар тіл білімінде Г.Х. Ахунзянов, Г.Х. Ахатов, Ф.С. Сафиуллина, карашай-балқар фразеологиясы бойынша Ж.К. Жарашуева, Х.М. Акбаев, тыва тіл білімінде Я.Ш. Хер-

тек, қарақалпақ тіл білімінде Қ. Бекниязов, Г. Айназарова, Г. Атабаева, чуваш тіл білімінде М.Ф. Чернов, т.б. көптеген зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Башқұрт фразеологиясын зерттеуші З.Г. Ураксин қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіне тән фразеологизмдер көп жағдайда дене мүшелері атауларынан жасалатындығын атап өтеді (Ураксин, 1975: 158). Ф.И. Даутова құмық және орыс тілдерін салыстыру, салғастыру арқылы *бас* соматизмі ұйытқы болған фразеологизмдердің ортақ және айрықша белгілерін құрылымдық, стильдік, семантикалық тұрғыдан қарастырды (Даутова, 2014).

### Нәтижелер мен талқылау

Біз зерттеу жұмысымызда *бас*, *құлақ*, *көз* соматизмі ұйытқы болған фразеологизмдердің түркі жазба ескерткіштер тілінде қолданылу ерекшеліктерін, семантикасын ашуға, сонымен қатар кейбір фраземалардың қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын нұсқаларын қарастырдық.

Құмық тілі фразеологиясын зерттеуші Г.К. Темирханова адамның ішкі әлемін сипаттайтын фразеологизмдердің ішінде соматикалық, зоонимдік, фитонимдік, артефактілі мәдени кодтар айрықша белсенділігімен ерекшеленетіндігін, олардың ішінде зоонимдік және соматикалық кодтар көпшілігін құрайтындығын атап өтеді (Темирханова, 2021: 5). *Бас* соматизмінің праформасы *balč* (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика, 2001: 194) болып табылады. Түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін тұлғасы – *баиш*. Зерттеуші З.Г. Абубакирова башқұрт тілінің фразеологиясында *баиш* соматизмі «білім қоймасы, адамның қоғамдағы мәртебесін» білдіретінін атап өтеді (Абубакирова, 2017: 39). Қазіргі түрік тілінде *baş* және *kafa* тілдік бірліктері қатар қолданылады, араб тілінен енген *kafa* лексемасы адамның ақыл-ой, жады, зейін т.б. қабілеттерін сипаттайды (Букулова, 2006: 18). *Бас* дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментінде «адамның өзі және тұтас өмірінің» символына алынады (Нұржанова, 2014: 190). Сонымен, *бас* сөзі ақыл-ой, жады, зейін т.б. қабілеттерді, психоэмоциялық күйді сипаттайтын, адамның қоғамдағы мәртебесін білдіретін, білімді жинақтаушы, сақтаушы қойма ретіндегі жиынтық ұғымға ие.

Түркі тілдерінің қысқаша тарихи-салыстырмалы сөздігінде түркі ескерткіштері бойынша

*баш* лексемасының мынадай мағыналары берілген:

1. бас
2. жауапкершілік
3. бас жақ
4. заттың басқы бөлігі
5. жоғарғы жақ
6. басшы
7. істің басталуы (Жалмаханов, 2021: 279).

Демек, *бас* сөзі «жауапкершілік» мағынасында да қолданылғанын білеміз. *Бас* лексемасының қазіргі кезде көптеген туынды мағыналары бар екендігі белгілі. Зерттеу барысында қазақ тілі бойынша *бас* сөзінің мағыналары көрсетіледі.

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» сөздігінде *бас* лексемасы *баш* тұлғасында берілген (Қашқари, 1998: 211). Тілдегі кез келген сөз фраземажасамда ұйытқы компонент бола алмайды. Тек халықтың санасында, тілінде ұзақ жасасып келген, байырғы сөздік қордағы лексемалар ғана ұйытқылық қызмет атқара алады (Авакова, 2013: 60). Тілдің көне қабаттарына жататын сөздер фразеологизмдерде ұйытқы компонент қызметін атқарады. Дене мүше атаулары тілдің көне қабатына жатқандықтан, тілімізде көптеген фразеологизмдер құрамында ұйытқы сөз міндетін атқарады.

Сонымен қатар, *бас* сөзінің барлық дереккөздерде негізгі мағынасы «бас» болып келеді. Барлық түркі тілдерінде дерлік мағынаның метафоралық дамуы кездеседі: мал, жануарды санау бірлігі, төбе, басшы, басы (басталуы). Гагауз және якут тілдерінде «жоғары» мағынасымен қоса бағыт-бағдарды білдіретін «алды» мағынасы қолданылады, соңғы мағынасы «жоғары» мағынасынан туындаса керек (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика, 2001: 194). Сондай-ақ, түркі тілдері бойынша *бас* лексемасының келесідей мағыналары тіркелген: 1) дене мүшесі 2) ақыл, ес 3) мал саны 4) адам саны 5) зат саны 6) шығарма аты 7) тарау 8) басшы 9) үй қожайыны 10) негізгі бөлік 11) жоғарғы жақ 12) басталар негіз 13) шеті, соңы 14) төменгі жақ 15) басты 16) үлкен 17) бастапқы 18) бәрінің орталығы 19) алдыңғы қатарлы 20) адам жаны 21) алдыңғы бөлік (Жалмаханов, 2021: 279-280). Түркі тілдерінің соматикалық терминдеріне көпмағыналылық тән, бұл артефакті детальдары атауларына, кеңістік және ландшафт терминдеріне қатысты ауыспалы мағынада қолданумен байланысты (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика, 2001: 194). Түркі

тілдерінің этимологиялық сөздігінде *бас* сөзінің келесідей мағыналары берілген: 1) бас 2) басшы 3) төбе 4) басталуы 5) соңы 6) төменгі жақ 7) басты 8) ауыс. адам жаны 9) өсімдік бүршіктері 10) алдыңғы бөлік 11) масақ 12) көмекші септеулік қызметінде. Сондай-ақ, 1-7 дейінгі мағыналары *баш* сөзінің семантикалық өзегін құрайды, осы мағыналардан туынды мағыналары өрбиді (Севортян, 1978: 87). Түркі тілдеріндегі дене мүше атауларына көпмағыналылық тән екендігін ескерсек, түркі халықтары өзін қоршаған әлемге ұқсату арқылы ауыспалы мағыналар пайда болған, бұл – түркі халықтарының орналасқан жеріне, шаруашылығына байланысты туындаған түркілік дүниетанымның бір көрінісі.

Қазақ тілінде *бас* сөзінің келесідей мағыналары тіркелген: 1. анат. Адам не жануарлар денесінің кеудеден жоғарғы не алдыңғы қозғалмалы бөлігі. 2. Адамның, жан-жануардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми т.б. орналасқан дене мүшесі. 3. ауыс. Кісінің жеке дара өзі, адам. 4. Малдың саны, тұяқ. 5. Әр алуан өсімдіктің жоғарғы жағы, ұшы. 6. Таудың, қырдың, дөңдөңестің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі. 7. Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі. 8. Таяқтың, сойылдың т.б. заттың бір жақ шеті, ұшы. 9. Балта, пышақ, шот т.б. құрал-сайманның саптан төменгі жүзі бар жағы. 10. Аяқ-киімнің ұшы, алдыңғы жақ бөлігі, тұмсығы. 11. ауыс. Заттың, бұйымның бөлшектері, кесегі, орамасы. 12. ауыс. Мекен-тұрақты білдіретін сөздермен тіркескенде маңы, жаны, қасы деген мағынаны білдіреді. 13. Әуелі, алғашқы. 14. Мезгілдің алғашқы кезі. 15. Белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері. 16. ауыс. Басшы, жетекші. 17. ауыс. Ақыл, ой, ес. 18. ауыс. Тағдыр, өткен өмір мағынасында. 19. ауыс. Мемлекет, ел билігінің ең жоғарғы органы. 20. Негізгі, ұйытқы, басты. 21. Бірінші тұрған, алғашқы. 22. Белгілі бір процестің басталуы. // Жетекші, негізгі, ең жоғарғы. 23. Діни. Рәкәт, бір отырыс (намаз) (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006: 10-11). Демек, түркі тілдерінің соматикалық терминдеріне көпмағыналылық тән деген пікірді растайды.

Түркі тілдерінің қысқаша тарихи-салыстырмалы сөздігінде *бас* лексемасының қазақ тіліндегі келесідей мағыналары берілген:

- дене мүшесі;
- адам;
- мал саны;
- жоғарғы жақ;
- басталар негіз;
- шеті;

- сайман басы;
- заттың бөлшегі, кесегі;
- көм.есім;
- басталған кез;
- ұйытқы, себепкер;
- басшы;
- ақыл, ой, ес;
- басты;
- үлкен;
- орталық (Жалмаханов, 2021: 24).

Көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде *бас* лексемасы тура және ауыспалы мағынада өте белсенді қолданылады, ауыспалы мағынада қолданылуы ерекше семантикалық сипатқа ие. Бұл халқымыздың тілдік санасының айрықша бейнесін байқатады.

Якут және башқұрт тілдері бойынша фразеологизмдер сәйкестігін қарастыра отырып, З.Г. Ураксин алыс туыс тілдерге тән фразеологизмдердің көбі екі компоненттен тұрады, оның бірі дене мүше атауы болып келетіндігін атап өтеді. Фразеологизмдерің басқа түркі тілдерінде де сәйкестіктері болуы мүмкін, бұл олардың көнелігін көрсетеді деген пікір білдіреді (Ураксин, 1975: 161). Біздіңше, түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдерді зерттеу түркі дүниетанымы мен тілдік бірліктердің ерекшеліктерін анықтауға жол ашады. Сондай-ақ, түркі халықтарының тілдік бірліктеріндегі, дүниетанымындағы өзгешеліктерді де анықтауға септігін тигізеді. Түркі халықтарының орналасу аймағына, климаттық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі тілдік бірліктердің қалыптасқандығы да белгілі.

Көне түркі сөздігінде *baş bol-* фраземасы «басқару, бас болу, жетекшілік ету» мағынасында берілген. Сөздікте фраземаның мағынасын ашу үшін Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасынан алынған «qamıy iškä bolıaj anıj bilgi baş» (Древнетюркский словарь, 1969: 87) мысалы берілген. «Құтты білік» туындысы өлең тілімен жазылғандықтан, фразема компоненттерінің орны ұйқасқа ыңғайланып ауысқан. Фразеологиялық бірліктер компоненттерінің орны көп жағдайда тұрақты болғанымен, кейде семантикасына нұқсан келтірмей орнын ауыстырып қолдануға болатын жағдайлар кездеседі. Құмық және орыс тілдерінде «баш» және «голова» соматизмдерін салғастыра отырып зерттеген Ф.И. Даутова «құмық тіліндегі етістік тіркесті фразеологизмдердің компоненттері орыс тіліндегі фразеологизмдерге қарағанда әлдеқайда тұрақты, компоненттерінің орнын көп

жағдайда ауыстыруға келмейтіндігін атап өтеді. Ал орыс тіліндегі фразеологиялық бірліктердің орнын жалпы мағынасына нұқсан келтірмей ауыстыруға болады» деген пікір білдіреді (Даутова, 2014: 5). Көп жағдайда, фразема компоненттерінің орны тұрақты болады, алайда фразема компоненттерінің орны ауысатын жағдайлар да кездеседі. Енді бұл жалпытүркілік фраземаның қазіргі түркі тілдерінде кездесуіне назар аударайық. Қазіргі татар тілінде *башчылык иту, баш булу*, қарақалпақ тілінде *бас болды*, әзербайжан тілінде *baş olmaq*, ұйғыр тілінде *баш болмақ*, түрікмен тілінде *baş bolmak*, қазақ тілінде *бас болды* фраземасы қолданылады. Бұл фраземаның қазақ тілінің әдеби сөздігінде келесідей мағыналары берілген: «топты басқарды, бір нәрсеге жетекшілік етті, басшылық көрсетті» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006: 14). Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде «алдыңғы, бірінші қатарда жүрді», «бір нәрсеге басшылық етті, басқарды» деген мағыналары берілген (Кеңесбаев, 1977: 95). Қазақ әдеби тілінің сөздігінде *бас қылды* фраземасының мағынасы «бірінші қылды, басшы етті» деп берілген (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006: 19). Сонымен, жалпытүркілік *baş bol-* фраземасы қазіргі түркі тілдерінде де бүгінгі күні қолданыста бар екендігін байқаймыз, сондай-ақ, семантикалық, құрылымдық жағынан мәндес. Фраземаның түпкі мағынасы сақталған, бұл оның белсенді қолданыста болғандығын көрсетеді. Фраземаның грамматикалық тұлғасы түркі тілдерінің өзіндік ерекшелігіне қарай түрлі тұлғада дамыған.

Ерте замандағы қыпшақ, оғыз, қарлұқ, т.б. түркі тайпаларының саяси, мәдени байланыстарының нәтижесін қазіргі түркі тілдерінің тілдік бірліктерінен байқауға болады. Кейбір оғыз тобына жататын тілдерде қыпшақ тобының тілдік элементтері кездессе, сол сияқты қыпшақ тобына жататын тілдерден оғыз, қарлұқ тобының тілдік элементтерін кездестіруге болады. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ, т.б. топтағы тілдердің жеке дербес тіл болып қалыптасуы талай ғасырларға созылған құбылыс болғандықтан, тілдік бірліктердің өміршеңдігі, бірінші кезекте, маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты сақталады. Біздің пікірімізше, тілдік бірліктерді қарастырғанда түркі тілдерінің тек туыстық жағын ғана қарастырмай, ареалдық тұрғыдан қарастыру да маңызды болып табылады.

Көне түркі сөздігінде *başında keč-* және *başında kečür-* фраземалары тіркелген. Жалпы-

түркілік *başında keçür-* фраземасы «Құтты білік» шығармасынан алынған «negü ter eşit bu sînamîş kişi / başında keçürmiş jetürmiş jaşı» (Древнетюркский словарь, 1969: 87) мысалы арқылы талданылған. *Başında keçür-* фраземасы «басынан кешірді, бастан өткерді, бастан өтті» деген мағынаны береді. Қазіргі өзбек тілінде *бошдан кечирмоқ, бошидан кечмоқ, бошидан ўтмоқ, бошидан ўтказмоқ*, қарақалпақ тілінде *бастан кеширди, бастан өткерди, ұйғыр* тілінде *баштин кечүрмәк, баштин өткәзмәк*, түрікмен тілінде *başdan geçmek (geçirmek)*, қазақ тілінде *бастан/басынан кешірді (өткерді)* фраземалары қолданылады. Қазақ тілінің әдеби сөздігінде *бастан кешірді* фраземасының «көрді, куә болды» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006: 21) деген мағынасы берілген. Ал *басынан кешірді* фраземасының мағынасы «өз өмірінде әртүрлі жағдайларды көрді, оқиғаларды бастан өткізді» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006: 26) деп берілген, сондай-ақ, *бастан өтті, бастан өткерді* фраземаларының мағынасы «бастан кешірді, көрді» деп ашылған (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006: 21). Сонымен қатар қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде *бастан кешірді* фраземасының мағынасы «өмірдің ыстық-суығын көрді» және «көп оқиғаны көз алдынан өткізді» деп берілген (Кеңесбаев, 1977: 98). *Басынан кешті, басынан өткізді* фраземаларының мағынасы «өз өмірінде болып өтті» (Кеңесбаев, 1977: 102) деп берілген. Қазақ тілінде *басынан өткерді, басынан кешірді* фраземалары синоним ретінде қолданылады. Демек, *başında keç-* және *başında keçür-* көне фраземасы қазіргі кейбір түркі тілдерінде қолданылады әрі өзінің түпкі мағынасын сақтаған, әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне қарай құрылымдық жағынан фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері ғана бар, жазба ескерткіштермен сабақтастығын байқаймыз.

Көне түркі сөздігінде *başqa jet-* деген фразема кездеседі. Фразема Ахмет Йүгнеки шығармасынан алынған «jetär başqa bir kün bu til boşlayı» (Древнетюркский словарь, 1969: 87) деген мысал арқылы талданылған. Оның аудармасын «жетер басқа бір күні бұл бос сөз» деп беруге болады. Қазақ тіліндегі «айтылған сөз – атылған оқ» мақалымен мәндес. Бұл жалпытүркілік фразема қазіргі башқұрт тілінде *башка (башына) етеу*, ұйғыр тілінде *бешига йәтмәк*, татар тілінде *башка (башына) жіту*, түрікмен тілінде *başuna ýetmek*, қарақалпақ тілінде *басына жетти*, қазақ тілінде *басына*

*жетти* фраземалары ретінде қолданылады, бұдан қазіргі түркі тілдерінің ерте замандағы түркі тілімен сабақтастығын байқаймыз. Қазақ тілінде *басына жетти* фраземасының «құртты, түбіне жетті» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2006: 25) деген мағынасы бар. Белгілі ғалым Р. Сыздық *басына жетти* тіркесіндегі екінші компонент мағынасын өлім-жітім сөзінде кездесетін көне түркілік *йит, йитүк* сөздерімен байланыстыра қарайды. Ғалымның пікірінше, «өлтірді» мағынасындағы *басына жетти* деген тіркестің о бастағы көне түркілік қолданысы *басы йитти (житти)* болса керек. Қазақ тіліндегі *жытыру* етістігі йит- сөзінің фонетикалық варианты деген пікір білдіреді (Сыздық, 2014: 90). Біз жалпытүркілік *başqa jet-* фраземасының «өлтiру, өлу» мағынасы біз қарастырған қазіргі түркі тілдерінде сақталғандығын ескере отырып, ғалым Р. Сыздық пікірін орынды деп санаймыз.

Көне түркі сөздігінде «еркіндік алу» мағынасында *baş jul-* (Древнетюркский словарь, 1969: 87) фраземасы тіркелген. Махмұт Қашқари «Диуанында» *йұлды* сөзінің басқа сөздермен тіркескендегі төрт мағынасы берілген: 1) құтқарды, босатты; 2) жұлды; 3) босатты; 4) көшірді, көшіріп жазды (Қашқари, 1998: 89). Сөздікте «ұрағұт башын иұлды» деген сөйлемнің аудармасы «қатын басын босатты» деп берілген (Қашқари, 1998: 89), сөзбе-сөз аудармасын берсек, «қатын басын жұлды» болып шығады. Демек, фраземаның мағынасы «еркіндік алу, азат болу» болып табылады. Қазақ тілінде *baş jul-* фраземасына мағыналас *бас бостандығын алу, еркіндік алу, азат болу* секілді тіркестер қолданылады. Сонымен қатар, «Ол бітік иұлды» сөйлемінің аудармасы «ол кітапты көшірді» деп берілген. Демек, сол заманда «*бітік иұлды*» деген тіркес қолданылған, мағынасы «көшірді, көшіріп жазды» деп тіркелген (Қашқари, 1998: 89). Біздіңше, «*бітік иұлды*» тіркесі де фразема болып табылады, қазіргі қазақ тілінде сақталмаған.

Көне түркі сөздігінде *çalañ başi* (Древнетюркский словарь, 1969: 137) фраземасы кездеседі. Махмұт Қашқари сөздігінде *жалаң* сөзінің мағынасы «мылжың» деп берілген, ал *жалаң басы* фраземасының мағынасы «жалаң сөздің адамы; езбе» деп берілген (Қашқари, 1998: 89). Демек, жалпытүркілік фраземаның мағынасын «мылжың, езбе, көп сөзді адам» деп беруге болады. Құмық тілінде *башы ачыкъ* фраземасы «мылжың, қырт, көп сөзді адам» деген мағынаны береді. Демек, сөйлеу әрекетіне,

мінез-құлқына байланысты мағына *бас* сөзі ұйытқы болу арқылы фразеологизмдерде берілген. Адам мінез-құлқын бейнелеуде *бас* соматизмі бар фраземаларды қолдану – ерте заманда да, қазіргі кезде де бар тілдік құбылыс.

Көне түркі сөздігінде «құл, қызметші» мағынасында *qara bař (~qarabař)* (Древнетюркский словарь, 1969: 423) фраземасы кездеседі. Махмұт Қашқари сөздігінде бұл фразема «құлдарға айтылатын, соларға танылатын ат» деп түсіндірілген. Сонымен қатар, бұл тілдік бірліктің әйелге де, еркекке де, құлдың барлығына бірдей қолданыла беретіндігі айтылған (Қашқари, 1998: 303). Ғалымдардың пікірінше, Орхон-енисей ескерткіштерінде *qara bodun* тілдік бірлігінде құрмет мағынасы болса, орта ғасырларда *qara bodun* тілдік бірлігі мағынасында төменгі тапты төмендетіп көрсету мағынасы байқалады (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика, 2001: 594-595). Тіл – қарым-қатынас құралы, ойдың жемісі, сондай-ақ халық тарихы, халықтың жады, мәдениеті, танымдық іс-әрекетінің тәжірибесі, дүниетанымы, психологиясы болып табылады. Қазіргі қазақ тілінде *қара басы* фраземасы қолданылады, алайда оның мағынасы жалпытүркілік *qara bař* фраземасынан бөлек. Тіліміздегі *қара басы* фраземасының 1) өзі, жеке болмысы 2) жай бұқара, қарапайым халық мағынасында 3) «соқа, жеке басы; тек өзі» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 279) деген мағыналары бар. Бұл фраземада *қара* лексемасы түр-түсті білдірмейді, фразема адамның өзін білдіретін сан-мөлшер мағынасын беріп тұр және де «құл» деген мағынаны білдірмейді.

Жалпы алғанда, тілімізде *қара* сөзінің «қайғы-қасірет, жаман мінез», т.б. сияқты жағымсыз мағыналарымен қоса «қара шаңырақ», «қара домбыра» т.б. тілдік бірліктерде «қасиетті, қастерлі» деген мағыналары бар. Қазақ тілінде *қара* сын есімінің келесідей мағыналары бар: 1) күйенің, көмірдің түсіндей (түс, бояу) 2) ауыс. Арам, қараниет, зұлым 3) ауыс. Теріс, қисық. // этн. Өлікті аза тұтудың белгісі ретінде киетін киім. // Қарапайым халық арасынан шыққан адам, қараша, халық, бұқара (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 274).

Тілімізде *қара* сөзімен байланысты фразеологиялық сөздікте мынадай тілдік бірліктерді кездестіре аламыз:

– «бейнетқор шаруа адамы» мағынасында *қара борбай*;

– «қанаушы тапқа қарама-қарсы тұрған еңбекшілер, көпшілік жұрт» мағынасында *«қара бұқара, қара қауым, қара халық»*;

– «қара бұқара ішінен шықты, тумысында аксүйек емес» мағынасында *қарадан туды*;

– «кедейден байыған жан; қатардағы кісілерден шыққан бай» мағынасында *қара қазан бай*;

– «қарасүйек, аксүйек қауымдары» мағынасында *қара мен төре*;

– «тақыр кедей; жарлы-жақыбай» мағынасында *қара сирақ*;

– «еңбегін сатып күн көрген жарлы, кедей» мағынасында *қара табан*;

– «қара жұмыспен күн көретін қарапайым жұрт» мағынасында *қара шаруа, қара шекпен* (Кеңесбаев, 1977: 322-329). Тілімізде көп халықты, кедей халықты (адамды) *қара* сөзімен сипаттау үлгісі бар екендігін көреміз. Сонымен қатар, қазақ тілінде *қара құл* фраземасы бар, мағынасы «бас еркі жоқ, қара жұмысқа салынған құлақ кесті құл» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 289) деп берілген. Тарихи тұрғыдан қарасақ, *құл* лексемасы түркі жазба ескерткіштерінде де, қазіргі кейбір түркі тілдерінде де кездеседі. Этимологиясы белгісіз (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика, 2001: 318). Зерттеушілердің пікірінше, фразеологиялық бірліктер көп уақыт белсенді қолданыста болған сайын, олардың эмоциялық, экспрессивтік т.б. реңктері азая бастайды. Түрлі қосымша реңктерді күшейту үшін фразеологиялық бірлікке өзге сөздерді қосу қолданылады. Әрине, бұл семантикалық жағынан басқа да жаңа мағыналардың тууына себеп болады. Біздіңше, *qara bař* фраземасы эмоциялық-экспрессивтік реңкті күшейту мақсатында туындауы мүмкін. Қазақ тілінде «құл» мағынасында *қара құл* фраземасы қолданылады.

Көне түркі сөздігінде *qari bař* фраземасы «ақсақал» мағынасында берілген (Древнетюркский словарь, 1969: 426). Махмұт Қашқаридың «Диуанында» *қары* сөзінің мағынасы «көп жасаған, кәрі» деп берілген (Қашқари, 1998: 303). Тілімізде *кәрі буын, кәрі құлақ, кәрі тарлан, кәрі көз* деген фраземалар бар. Бұл фраземалар «көпті көрген, егде тартқан» мағыналарына ие. Адамзат баласы тілді меңгеру арқылы өз халқының мәдениетін бойына сіңіреді. Халық мәдениетінің ерекшеліктері тілде көрініс табады, сондықтан да тіл ерекше әрі бірегей құбылыс, тіл әлемді, адамды әртүрлі тәсілмен бейнелейді.

Көне түркі сөздігінде *baş qurıt-* фраземасы тіркелген, фразема «басынан айрылу» деген мағынаны білдіреді. Сөздікте фразема «Құтты білік» шығармасынан алынған «qara elkä jazsa qurıtur başın» (Древнетюркский словарь, 1969: 87) мысалы арқылы талданылған. Аудармасын «егер қарапайым адам елге жазса, басы кетеді» деп беруге болады. Тілімізде «жоқ кылу, жою, құрту» мағынасындағы *көзін құртты, көзі құрыды* деген фраземалар бар.

Көне түркі сөздігінде *baş ev* фраземасы тіркелген. Фраземаның мағынасы «бас үй» дегенді білдіреді, фразема сөздікте «baş evtä [ja] ksämbi küp» (Древнетюркский словарь, 1969: 87) деген мысал арқылы талданылған, аудармасын «бас үйде жексенбі күні» деп беруге болады. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінде» *баш мырза (бас мырза)* фраземасы кездеседі (Мамырбекова, Сейтбекова, 2013: 366). Қазақ тілінде *бас қала, бас орда* деген фраземалар қолданылады. Ал *үлкен үй* фраземасының «үлкен ата, кәрі әже отырған үй» деген мағынасы бар, сонымен қатар, өткен замандарда «бәйбіше отырған үй» (Кеңесбаев, 1977: 548) деген мағынада қолданылған. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бүгінгі күні «әке-шешесінің үйі; қара шаңыраққа ие болып отырған үй» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 57) деген мағынасы тіркелген. Сонымен қатар тілімізде бөлмелерге қатысты *төр үй, ауыз үй* деген сияқты тіркестер бар. Жалпытүркілік *baş ev* фраземасында «басты, негізгі» мағынасы бар, сондай мағына негізінде тілімізде басқа да тілдік бірліктер қалыптасып үлгерген. Кез келген фраземада халықтың ойлау, пайымдау жүйесінің айрықша үлгісі көрініс табады.

Г. Исмаиловтың пікірінше, фразеологизмдер мен халықтың менталдық ерекшеліктері арасындағы байланысты екі жақты қарастыруға болады: менталдық ерекшеліктерді қарастыра отырып, олардың фразеологизмдерде көрініс табуын және керісінше, фразеологизмдерді талдау арқылы халыққа – тіл иеленушіге тән менталдық ерекшеліктерді анықтауға болады (Ismailov, 2016: 6). Көне түркі сөздігінде *baş bitig* фраземасы кездеседі, «бас құжат», «ресми құжат» деген мағына береді (Древнетюркский словарь, 1969: 87). Қазақ тілінде де осы секілді *бас құда, бас дәрігер, бас мақала, бас әріп, бас менеджер, бас қала, бас жұлде* т.б. тілдік бірліктер қолданылады. Демек, мұндай құрылымды тіркес қазақ тіліне жат емес, ертеден қолданылып келе жатқандығын көрсетеді. Бұл

тіркестердің барлығына «басты, ең негізгі» деген ортақ мағына тән. Жалпытүркілік *baş bitig* фраземасын қазіргі қазақ тілінде *бас құжат* тілдік бірлігі арқылы түсіндіруге болады, демек компонентінің бірі басқа лексемамен ауысқан болып шығады.

Көне түркі сөздігінде діни мағынасы бар *nom közi* фраземасы тіркелген. Сөзбе-сөз мағынасы «ілім көзі» деп берілген (Древнетюркский словарь, 1969: 360), яғни будда дініне қатысты туындаған фразема болып табылады. Махмұт Қашқаридың «Диуанында» *ном* лексемасын «дін, шариғат» деп түсіндірген. Бұл шындықтардың сөзі екендігін атап өтеді (Қашқари, 1998: 193-194). Көне түркі сөздігінде *nom* сөзінің «1) діни білім, діни заң 2) кітап, жазба, сутра – діни трактат, буддизмнің қасиетті кітабы 3) діни элемент, дарма – будда философиясының термині» мағыналары берілген (Древнетюркский словарь, 1969: 360). *Ном* лексемасы қазіргі тыва тілінде қолданылады. Демек, фраземалардың туындауы дінмен де байланысты болатындығына тағы бір көз жеткіздік.

*Көз* соматизмі ұйытқы болған фразеологизмдерді өзбек, қазақ, татар, башқұрт, чуваш және түрік тілдері бойынша зерттеу жүргізген Б.Н. Сайфуллаев осы тілдердегі *ko'z, көз, күз, күз, göz, куз* фразеосоматизмдерінің ұқсастығы түркі халықтарының ассоциативті-бейнелі ойлауының көрінісі болып табылатындығын, ал грамматикалық құрылымындағы ұқсастықты фразеологизмдердің прототүркі мұрағатының нұсқалары болып табылатындығымен түсіндіруге болатындығын атап өтеді (Sayfullaev, 2022: 90). Біз *көз* соматизмі ұйытқы болған фразеологизмдерді қарастырған мақаламызда көне түркі сөздігінде тіркелген «туу, босану» мағынасындағы *köz jaru-* фраземасының қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтындығын, алайда, шекаралас халық (өзбек, ұйғыр, алтай) тілдерінде сақталғандығын, бұл ареалдық тұрғыдан алғанда ерекше жағдай екендігін атап өткен едік (Авакова, Нурмухамбетова, 2023: 28). Сонымен бірге тыва тілінде *караа чырыыр* фраземасының бір мағынасы «әйелдің босануы» дегенді білдіреді. Түркі тілдерінің кейбірінде «көз» мағынасын *қарақ* лексемасы білдіретіні мәлім. Бұл фразеологизм бойынша тыва тілінде *көз* сөзін *караа* лексемасы алмастырған, фразеологизмнің бір компоненті ауысқан және «босану» мағынасын сақтаған. Тыва тілінде *караа чырыыр* фраземасының бірнеше мағынасы барын ескерсек, фраземаның мағынасы



кеңейгендігін айта аламыз. Біздіңше, *köz jaru*-фраземасының түп төркіні көне заманнан бастау алған болу керек.

Қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір фразеологизмдер тілдің ұзақ уақыт бойы дамуы, туыс және туыс емес тілдермен арақатынасы нәтижесінде қалыптасқан. Фразеологизмдердің негізгі бөлігінің қалыптасу көздері болып әлеуметтік-тарихи факторлар болып табылады. Атап айтқанда, халықтың тұрмыс жағдайы, дүниені қабылдау тәсілі, болып жатқан оқиғаларды, адамдарды, үрдістерді т.б. бағалау ерекшелігі. Қазіргі кезде түсініксіздеу болып көрінетін фразеологизмдер уәжін тарихи тұрғыдан табуға болады. Г. Смағұлова фразеологизмдердің қалыптасу үдерісін мынадай когнитивтік үлгіде жүзеге асырылатындығын атап өтеді: денотат → мазмұн → бейне → сигнификат → сөз тіркесі → фразеологизм (Смағұлова, 2020: 36). Қазақ тіліндегі *құлағына жақты*, қарақалпақ тіліндегі *құлағына жақты* фраземалары Махмұт Қашқари «Диуанында» кездеседі. Сөздікте «Ол сөзүг аның құлаққа жақты (жақты)» деген мысал берілген, «ол сөзің оның құлағына жақты» (Қашқари, 1997: 32) деп аударылған. Махмұт Қашқари бұл қолданысты «оғызша» деп атап өткен. Бұдан оғыз-қыпшақ тілдік қатынасын, байланысын көруге болады. Демек, тіліміздегі *құлағына жақты* фраземасының Қашқари заманынан бері қолданылып келе жатқандығын байқаймыз. Семантикалық, құрылымдық тұлғасы сақталған. Тілдік деректерді қарастырғанда түркі халықтарының этногенезінде түрлі тайпалардың қатысы болғандығын байқауға болады.

Тіліміздегі *құлағы шалды*, *құлағына шалынды* фраземасын Махмұт Қашқари сөздігінен кездестіреміз. Сөздікте «ол сөзүг менің құлаққа шалды» мысалы берілген. Аудармасы «ол сөзін менің құлағыма шалындырды; Ол сөзін менің құлағыма есіттірді» (Қашқари, 1997: 41) деп берілген. Сонымен қоса қыпшақ сөздігінде осы мағынадағы *хулағима чалинді* (Гаркавец, 2018: 887) фраземасы тіркелген. Қазіргі қарақалпақ тілінде *құлаққа шалынды*, өзбек тілінде *құлогига чалинмоқ*, ұйғыр тілінде *қулиги чалмақ*, құмық тілінде *кьулағьына чалынмакъ* фраземалары кездеседі. Біздің пікірімізше, фраземалардың ұзақ уақыт бойы қолданылуы, ареалдық жағынан кең аймақта қолданылуы фраземаның күнделікті қолданыста маңыздылығын білдіріп, өзектілігін жоғалтпағандығын аңғартады.

«Түркі шежіресінде» *құлақ салыб*, яғни «тыңдап» (Мамырбекова, Сейтбекова, 2013: 408) мағынасындағы фразема кездеседі. Бұл жазба ескерткіш XVII ғасырға жататыны мәлім, дегенмен, фраземаның жалпытүркілік бейнесін байқауға болады. Бұл фразема тарихи даму нәтижесінде қазіргі түркі тілдерінде де қолданылады, қарақалпақ тілінде *құлақ салды*, қазақ тілінде *құлақ салды*, тыва тілінде *қулақ салыр*, өзбек тілінде *қулоқ солмоқ*, ұйғыр тілінде *құлақ салмақ*, татар тілінде *қолақ салу* фраземалары қолданылады. Фраземаның әртүрлі тілдік топтарда әлі күнге дейін қолданылуы – тарихи сабақтастықтың бір көрінісі.

Көне түркі сөздігінде «тыңдау, мұқият болу» мағынасындағы *qulaq tut*- фраземасы тіркелген. Сөздікте Ахмет Йүгнеки шығармасынан алынған «*qulaq tut maḡa*» (Древнетюркский словарь, 1969: 465) мысалы берілген, аудармасын «маған құлақ ас/мені тыңда» деп беруге болады. Сонымен қатар, «Құтты білік» шығармасынан алынған «*jī-ḡaḡ eṣ[i]tūr erdi qulaq tutsa-ma*» (Древнетюркский словарь, 1969: 465) мысалы берілген. Аудармасын «егер [мен] мұқият болсам, алыстан (жырактан) есітер едім» деп беруге болады. Қазақ тілінде *тұтты* сөзі түрлі тіркестерде қолданылады, алайда өзге түркі тілдеріндегідей белсенді емес. Қарақалпақ тілінде *құлақ тутты* фраземасы қолданылады. Қарашай-балқар тілінде *кьулақь тутмау* фраземасы «(біреудің сөйлесуін, әңгімесін) тыңдамау» және «жұмыстан қашу (жұмыс істегісі келмеу)» мағынасында жұмсалады. Ұйғыр тілінде *құлаққа илмақ (тутмақ)* фраземасының «жадыда сақтау, есте сақтау» мағынасы бар, сондай-ақ, *қулигида тутмақ* фраземасының «жадыдан, естен шығармай жүру» деген мағынасы бар. Демек, жалпытүркілік *qulaq tut*- фраземасы қазіргі кейбір түркі тілдерінде қолданылады. Түркі тілдері бойынша фразема семантикасындағы ерекшеліктерді тілдердің үздіксіз дамуының жемісі ретінде қарастыруға болады. Фраземаның ұзақ уақыт бойы қолданыста болуы оның өзектілігін, маңызын, қажеттілігін көрсетеді.

Дене мүше атаулары ұйытқы болған фраземалардың пайда болуында этнолингвистикалық фактордың да рөлі зор деп айта аламыз. Қазақстан жерінде жылқыны алғаш қолға үйреткенін ескере отырып, түркі тайпаларының көпшілігінде жылқының атқарар қызметі зор болған. Көне түркі сөздігінде *qulaq tu-vur*- фраземасы тіркелген. Махмұт Қашқари

«Диуанынан» алынған «at qulaqin tuvurdi» (Древнетюркский словарь, 1969: 465) мысалы арқылы талданылған. Аудармасы «ат құлағын тікті» (Қашқари, 1997: 90) деп берілген. Сондай-ақ, сөздікте *qulaq japratt-* фраземасы тіркелген, «at qulaqin japratti» мысалы берілген (Древнетюркский словарь, 1969: 465). Аудармасы «ат құлақын иапрытты – ат құлағын тікті» (Қашқари, 1997: 508) деп берілген. Фразеологизмдердің бір бөлігі құрылымдық жағынан өзгеріске ұшыраған, компоненттердің бірі ауысқан, *qulaq japratt-* фразеологизмі қазақ тілінде *құлақ тұру* (Bekeyeva, 2021: 36) болып өзгерген деген де пікір бар. Қашқари сөздігіне сүйенсек, *qulaq japratt-* ат құлағының қимылына байланысты фразема болып шығады. Татар тілінде *колак шомарту, колак шомрайту* фраземалары ат құлағы қимылына байланысты да қолданылады. Қазақ тілінде *құлағын жымырды* фраземасы бар, «мал (ат, есек т.б.) құлағын артқа қарай жымқырып сес көрсетті» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2007: 723) деген мағынада қолданылады. «Құлағын тікірейту» мен «құлағы жымыру» әртүрлі қимылдар болғанымен, ат құлағы қимылына байланысты туындаған фраземалар болып табылады. Демек, фраземаның пайда болу уәжінде ортақтық бар, уақыт өте келе семантикасы өзгеріске ұшыраған болуы мүмкін. Біз жалпытүркілік *qulaq japratt-* фраземасының татар тіліндегі *колак шомарту, колак шомрайту*, қазақ тіліндегі *құлағын жымырды* фраземаларымен фонетикалық сәйкестіктерін және семантикасын ескере отырып, түбі бір фразема болуы мүмкін деп пайымдаймыз.

### Қорытынды

Біздің байқауымызша, тілдік бірліктерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттегенде туыстас тілдер тобын қарастырумен қатар,

тілдерді ареалдық тұрғыдан зерттеп, түркі халықтарының тарихи орналасу, шектесу, қоныс аудару аймағын да ескерген жөн. Қазіргі түркі халықтарының қалыптасуында алуан түрлі қилы замандар өткендігі тарихтан белгілі. Тайпалардың бірігіп немесе ыдырап түрлі халықтардың құрамына еніп кеткендігі белгілі, сол арқылы өз мәдениетінің бір бөлігін сол халыққа сіңіргенін тілдік бірліктерден, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерден көруімізге болады. Зерттеу барысында бірқатар *бас, көз, құлақ* соматизмдері ұйытқы болған жалпытүркілік фраземалардың қазіргі түркі тілдерінде қолданыста бар екендігі анықталды. Кейбір фраземалардың компоненттерінің бірі басқа сөзбен ауысқанын байқаймыз, ал кейбірі қолданыстан шыққаны анықталды. Сонымен қатар, жалпытүркілік фраземаның мағынасын сақтай отырып, қазақ тілінде бірқатар тілдік бірліктердің пайда болғандығы анықталды. Фраземаларды қарастыра келе, *бас, көз, құлақ* соматизмдері ұйытқы болған жалпытүркілік фраземаларда адамның психологиялық жай-күйін, адам болмысын, тұлғасын, өмірін, өлімін, ақыл-ойын, жады, зейін т.б. қабілетін сипаттайтын мағыналары бар екендігі байқалады. Түркі тілдеріне ортақ фраземаларды зерттеу арқылы түркі дүниетанымы мен тілдік санасының өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туады.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тағайындаған «2023-2025 жылдарға арналған әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы іргелі зерттеулер» бағыты бойынша қаржыландырылатын № АР19675130 «Түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдердің лексикографиялық жүйесі» ғылыми жобасы аясында жарияланып отыр.*

### Әдебиеттер

- Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Москва: Наука, 1975. – 192 с.
- Даутова Ф.И. Фразеологические единицы с компонентами «баш» и «голова» в кумыкском и русском языках: автореф. ... канд. фил. наук. - Махачкала, 2014. – 21 с.
- Темирханова Г.К. Объективизация характеристики человека во фразеологических единицах кумыкского языка: Автореф. ... канд. фил. наук. - Нальчик. 2021. – 27 с.
- Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика / Тенишев Э.Р., Благова Г.Ф., Добродомов И.Г. – Москва: Наука, 2001 – 822 с.
- Абубакирова З.Г. Соматическая лексика в фразеологии башкирского языка (лингвокультурологический аспект): Дисс. ... канд. фил. наук. – Уфа. 2017. – 186 с.

- Букулова М.Г. Соматическая фразеология тюркских языков (на материале турецкого языка): автореф. .... канд. фил. наук. – Москва. 2006 – 23 с.
- Нұржанова А.Б. Тілдік дүние бейнесіндегі «бас» соматизмінің фразеосемантикалық өрісі // ҚР ҰҒА баяндамалары. – Алматы, 2014. – №3. – 186-191 б.
- Жалмаханов Ш.Ш. Түркі тілдерінің қысқаша тарихи-салыстырмалы сөздігі. – Қарағанды: TengriLTD, 2021. – 284 б.
- Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): үш томдық – Алматы: ХАНТ, 1998. – Т.3. – 600 б.
- Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
- Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1978. – 349 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б.Сүйерқұлова, С.Жапақов, Т.Жанұзақов және т.б. – Алматы, 2006. – 744 б.
- Древнетюркский словарь / ред. В.М. Наделяев и др. – Ленинград: Наука, 1969 – 676 с.
- Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977 – 712 б.
- Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014 – 412 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Он бес томдық. 9-том. / Құраст.: Ә. Ыбырайым, А.Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. – Алматы: Фирма Орнак, 2013. – 480 б.
- Ismailov GM (2016) Phraseological Picture of the World in the Turkic Languages. ISJ Theoretical & Applied Science, 11 (43): 5-7. Soi: <http://s-o-i.org/1.1/TAS-11-43-2>. <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2016.11.43.2>
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Он бес томдық. 15-том. / Құраст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы, 2011. – 824 б.
- Sayfullaev B.N. (2022) Some problems of phraseology of Turkic languages (On the example of eye phraseosomatism) // International journal of social science research and review. Volume 5, Issue 4. April, p. 87-91. –<https://doi.org/10.47814/ijssrr.v5i4.263>
- Авакова Р.А., Нурмухамбетова А.Б. Көз соматизмі ұйытқы болған фразеологизмдер семантикасы: салыстырмалы-тарихи экскурс // «Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы. – Стамбул, 2023. – Б. 26-31.
- Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 б.
- Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): үш томдық – Алматы: ХАНТ, 1997 – Т. 2. – 528 б.
- Гаркавец А.Н. Кыпчакский словарь. По армянописьменным памятникам XVI-XVII веков. – Алматы: БАУР, 2018. – 1788 с.
- Bekeyeva, N., Bissengali, A., Mankeyeva, Z., Nurdauletova, B. (2021). Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis // International Journal of Society, Culture & Language. – Iss. 9(2) (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries). – P. 29-40.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Он бес томдық. 6-том. / Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ф.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2007. – 752 б.

## References

- Abubakirova, Z.G. (2017) Somaticheskaja leksika v frazeologii bashkirskogo jazyka (lingvokul'turologicheskij aspekt) [Somatic vocabulary in the phraseology of the Bashkir language (linguoculturological aspect)]. Diss. na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk. [diss. for the degree of Candidate of Philological Sciences] Ufa. (in Russian)
- Avakova, R.A. (2013) Frazеosemantika [Phraseosemantics]. Almaty. Kazak universiteti (in Kazakh)
- Avakova, R.A., Nurmukhambetova, A.B. (2023) Koz somatizmi uytky bolgan frazeologizmder semantikasy: salystyrmaly-tarixi jekskurs [Semantics of phraseological units with the eye somatism component: comparative-historical excursus] // Turki frazeologijasy: zerttelui, gylymi-teorijalyk metodologijasy zhane bolashagy” halykaralyk gylymi-teorijalyk konferencijasy [International Scientific and Theoretical Conference "Turkic Phraseology: study, scientific and theoretical methodology and prospects"], Istanbul. P. 26-31. (in Kazakh)
- Bekeyeva, N., Bissengali, A., Mankeyeva, Z., Nurdauletova, B. (2021). Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis. International Journal of Society, Culture & Language. Iss. 9(2) (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), P. 29-40. (in English)
- Bukulova, M.G. (2006) Somaticheskaja frazeologija tjurkskih jazykov (na materiale tureckogo jazyka) [Somatic phraseology of the Turkic languages (based on the material of the Turkish language)]. Avtorefer. diss. na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk [Abstract for the degree of Candidate of Philological Sciences]. Moscow. (in Russian)
- Dautova, F.I. (2014) Frazеologicheskije edinicys s komponentami «bash» i «golova» v kumyjskom i russkom jazykah [Phraseological units with components "bash" and "golova" in kumyk and russian languages]. Avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk, [Abstract for the degree of Candidate of Philological Sciences] Mahachkala. (in Russian)
- Drevnetjurkskij slovar' [ancient Turkic dictionary] (1969) Leningrad. Nauka. (in Russian)
- Garkavec, A.N. (2018) Kypchakskij slovar' [Kipchak Dictionary]. Po armjanopis'mennym pamjatnikam XVI-XVII vekov. [According to Armenian-written monuments of the XVI-XVII centuries]. – Almaty: BAUR. (in Russian)

- Ismailov, GM (2016) PHRASEOLOGICAL PICTURE OF THE WORLD IN THE TURKIC LANGUAGES. ISJ Theoretical & Applied Science. Iss.11 (43). P. 5-7. <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2016.11.43.2> (in English)
- Kenesbaev, I.K. (1977) Kazak tilinin frazeologijalyk sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty. Gylym. (in Kazakh)
- Kashkari, M. (1997) Turik tilinin sozdigi: (Diواني lugat-it-turik) [Dictionary of the Turkic language: (Diواني lugat-it-Turk)]. T 2. Almaty. HANT. (in Kazakh)
- Kashkari, M. (1998) Turik tilinin sozdigi: (Diواني lugat-it-turik) [Dictionary of the Turkic language: (Diواني lugat-it-Turk)]. T 3. Almaty. HANT. (in Kazakh)
- Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. (2006) 3-tom. Almaty. Arys. (in Kazakh)
- Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. (2007) 6-tom. Almaty. Arys. (in Kazakh)
- Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. (2011) 9-tom. Almaty. (in Kazakh)
- Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. (2011) 15-tom. Almaty. Kazak jenciklopedijasy. (in Kazakh)
- Mamyrbekova, G., Sejtbekova, A. (2013) Abilgazy bahadur hannyn «Turki shezhiresinin» tezaurus sozdigi [Thesaurus Dictionary of the "The ancestry of the Turks" of Abilgazy Bahadur Khan]. Almaty. Firma Ornak. (in Kazakh)
- Nurzhanova, A.B. (2014) Tildik dunie bejnesindegi «bas» somatizminin frazeosemantikalyk orisi [Phraseosemantic field of somatism "head" in the language picture of the world]. Kazakstan Respublikasy Ul'tykyk gylym akademijasynyn bajandamalary [Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan]. Iss. 3. P. 186-191 (in Kazakh)
- Sayfullaev, B.N. (2022) Some problems of phraseology of Turkic languages (On the example of eye phraseosomatism). International journal of social science research and review. Vol.5, Iss. 4. P. 87-91. <https://doi.org/10.47814/ijssrr.v5i4.263> (in English)
- Sevortjan, Je.V. (1978) Jetimologicheskij slovar' tjurkskih jazykov [Etymological dictionary of Turkic languages]. – Moskva: Nauka. (in Russian)
- Smagulova, G. (2020) Kazak phraseologijasy lingvistikalık paradigmalarda: monografija. – Almaty: «Eltanym baspasy» (in Kazakh)
- Sravnitel'no-istoricheskaja grammatika tjurkskih jazykov. Leksika [Comparative historical grammar of the Turkic languages. Vocabulary] (2001) – Moskva: Nauka. (in Russian)
- Syzdyk, R. (2014) Sozder sojlejdi [Words speak]. Almaty: «El-shezhire». (in Kazakh)
- Temirhanova, G.K. (2021) Ob'ektivizacija harakteristiki cheloveka vo frazeologicheskix edinicax kumykskogo jazyka [Objectification of human characteristics in phraseological units of the Kumyk language]. – Avtoref. diss. na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk [[autoref. diss.... for the degree of Candidate of Philological Sciences], Nal'chik. (in Russian)
- Uraksin, Z.G. (1975) Frazeologija bashkirkского jazyka [Phraseology of the Bashkir language]. – Moskva: Nauka. (in Russian)
- Zhalmahanov, Sh.Sh. (2021) Turki tilderinin kyskasha tarihi-salystyrmaly sozdigi [Brief historical and comparative Dictionary of Turkic languages]. Karagandy. TengriLTD. (in Kazakh)